

## ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

К.К. Дорески «Практикадағы теория:  
романтикалық риторика  
(Элизабет Бишоп: тілді шектеушілер)»



**Мақсаты:** К.К. Дорескидің тұжырымдары негізінде Элизабет Бишоп шығармашылығының әдеби тәсілдер мен жеке ұстанымдарын сипаттап талдау.

**Кілт тіркестер:** рухтың эпифаникалық сыр ашуы, әдептілік сезімі, антогонистік қарым-қатынас, табиғи немесе феноменалды әлем.

**Негізгі идеялар:**

- Элизабет Бишоп туралы қысқаша өмірбаяндық дерек.
- Бишоп және оның әдеби қалыптасу мектебі: Марианна Мурдың, Уильям Вордсворттың әсері.
- Бишоптың өмірлік ұстанымдары мен әдеби тәсілдері: ақын тұлғасының ерекшеліктері.

Бүгін біз сіздерді К.К. Дорескидің ой түйіндерімен таныстырмақпыз. Талқылауымызға негіз ретінде оның «Практикадағы теория: романтикалық риторика» атты еңбегі алынады. Автор бұл еңбегінде Элизабет Бишоптың шығармашылығын талдайды.

Өзгелерге ұқсамайтын ерекше ақындардың арасында Элизабет Бишоп аса танымал болды. Бишопқа сананың айқындығы, пейзажды лирика мен метафораларға бейімділігі тән деп есептелінді. Оқырмандардың назарын Бишоп өлеңдерінің айқындығы мен нәзік бейнелеулері өзіне аударды. Ақындық жолдағы ұстазы Мур сияқты Бишоп та өлең техникасын шебер меңгере отырып, пәлсапалық тереңдігі басым салқынқанды сипаттау стиліне қызығушылық танытты. Бишоп поэзиясына оның «Балықшының үйшігіндегі» Солтүстік Атлантканың суық суларын бейнелейтін өлең жолдары толығымен сәйкес келеді деуге болады. Джазбен салыстырғанда, Элизабет Бишопты Марианна Мур сияқты бастауында Эмили Дикинсон тұрған әйелдердің салқындау поэзиясына жатқызған орынды. Ақын АҚШ-тың біраз университеттерінде жазушылық шеберліктен сабақ берді, оның ішінде Вашингтон, Гарвард, Нью-Йорк университеттері мен Массачусетс технологиялық институтын атауға болады. Өмірінің соңғы жылдарын Бишоп Бостонда өткізді. Ол басылымдарда көп жарияланбады. Алғашқы кітабы «Солтүстік пен оңтүстік» деген атпен 1946 жылы жарық көрді. Одан кейін тек 9 жылдан кейін ғана Элизабет 1955 жылы «Өлеңдер: Солтүстік пен Оңтүстік – Суық көктем» деген жинағын баспадан шығарды, сол кітап Пулитцер премиясына ие болды. Келесі кітабы «Саяхаттың проблемалары» деп аталып, 1965 жылы жарық көрсе, төртінші шығармасы 1977 жылы «География, үшінші бөлім» деген атпен баспадан шықты.

Элизабет Бишоптың өлеңдері өлең оқу мен түсінудің күн тәртібін белгілейтін жаңа сыншылар американа академиясында танымал болған кезде жазылды. Тек пішін мен мазмұн бірлігін сабақтастырған өлеңдер ғана жоғары деп бағаланды. Универсалды идеяны нақты бейнелермен байланыстыру да маңызды деп есептелді, сондықтан ең жақсы өлеңдер шындықтың ашылу сипатымен дәйектелді. Уильям Вордсворт шығармаларына назар аударсаңыздар, табиғат дегеніміз – рухтың бейнеленуі деген ойдың желісін табу қиынға соқпайды. Оның: «Гүлге мұқият қарасаңыз, Алланы көресіз» деген жолдары соған айғақ. Бишоптың мінезі оған қарағанда скептикалық және материалистік сипатта болды. Ол әлем заңдылықтарына шабыттана қараса да, өмірдің рухпен тоғысқан табиғатын қабылдағысы келмеді. Шын мәнінде, оның «Крузо Англияда», «2000-нан аса иллюстрация және толық сәйкестік» сияқты өлеңдері әлем жай қарапайым материалдық-физикалық шынайылықтан жоғары деген идеяны мысқылдауға құрылды. Бұл сәттерді К. Дорески «көздің ашылуы» деп атады, сондықтан Вордсворттан кейінгі кезекте ол Бишопты «күтілетін үмітті жоқ ететін рухпен эпифаниялық (эпифания – бұл әдеби жанр, барынша лирикалық сазға толы болып келеді) сырласу мүмкіндігі» деп талдады.

Сана мен көздің шылуы және олардың тоғысуы заманауи романтика-риторикалық білімнің екі түрлі сипатын анықтады. Бишоп бұл бағыттың көптеген құралдарын Вордсворттан үйрене отырып, оның өзін жоққа шығарумен болды. Нәтижесінде Бишоп поэзиясы әлемнің рухани психикасына қарама-қарсы сипаттағы шығармашылық деп бағаланды. Бұл қарсылықтың өзі қуатты риторикалық құрылымды танытты. Эпифаниялық реттілік өзін өзі жүзеге асыру мен тіл трансцендеттілігі үдерістерін ескере отырып, ақыннан мәтін заңдарын бұзуды талап етеді. Көзі ашықтыққа сенім білдірудің салдары анық байқалды. Бишоп өлеңдерінде субъектіні әрдайым өзге бағытта түсіну және «Бұл не деген сұмдық?» секілді сұрақтың қойылу мүмкіндігі сезіліп тұрады. Бұл жерде идеализмге қанағаттанбау бағыты байқалады.



Адам өздігінен емес, қоғамдық бірлікте және қалыптасқан әлеуметтік-мәдени шарттарға сүйене отырып дамиды, сондықтан оның танымдық әрекетін пәлсапалық негізге, психологиялық сұрыптауға, әлеуметтік дамуға, ұлттық-мәдени өркендеуге қатысты қарастыру керек. Осыған орай, сыншылар Бишоп өлеңдеріндегі шектен тыс ұстамдылықты оның әдепке және сенімсіздікке деген көзқарасымен байланыстырады. Бишоптың міндетін эпифаниялық құрылымдарды қолдану мәселесі айғақтады. Ол оқырманын дайындау мақсатын басты назарда ұстады. Оның астарында әдеби немесе ұстамдылықтың психологиялық эстетикасын бұдан былай бұзбау ұстанымы көрініс тапқан еді. Оның өлеңдері сыртқы әлемге айқын да анық сипатымен танылуымен ерекшеленді.

Аталған мәселелердің барлығы Бишоп поэзиясының жасырын сипатын дәлелдей түседі. Көз ашудың өзі өлеңдердегі метафора заңдылығынан бас тартатын, кәдімгі тіл өлшемдерінен жырақ тұратын бақыланбайтын күштердің өріс алуына әкелді. Бишоп поэзияны шектеулі және шектейтін ауысым деп қабылдады. Ол өмірді өнер арқылы мазмұндайтын, кеңейтетін кез келген қысымға қарсылық білдірді. Акулаға толы «тікенегі көп теңізден» «Сенбейтін» қалыпта «Монументтің» қорғалған интерьерінде «Кейп-Бретонның» қалыптасқан жолдарынан «Ұйқылы құрылымдағы» «арманның қорғалған көлігіне» дейін Бишоп ішкі және сыртқы факторларды, олардың барымен өлеңдердегі стратегияларын анық белгілей алды.

Адамзаттың ақыл-сойы, ойлау жүйесінің заңдылықтары, білімнің қайнар көздері мен оның игерілуі, сол сияқты ми, психика, ментальды жағдайлар мен актілер – барлығы ерте кезден пәлсапа мен логика, психология мен биология ауқымында зерттеліп келгендіктен, ақынның табиғатын тану қағидаттарын бір ғана бағытта сұрыпталатын тұжырымдар тізбегі емес, өзара шебер ұштасқан жүйелі байланыстар бірлестігі деп қарауға болады. Осы тұрғыдан Бишоп этикетін талдаған зерттеушілер, оған әдептілік нормалары мен сезім иірімдері тән деген қорытынды жасады. Бишоп шығармашылығында жеке қисынсыз әрекеттерге, эголық сезімдерге және асыра сілтенетін мораль көріністеріне қарағанда ұстамдылыққа орын берілді деп тұжырымдады. Оған дәлел ретінде шығармаларының талай дәстүрлі поэтикалық дәйектеулерден бас тартқан өзгеше тілін, дикциясын келтіруге болады. Сондықтан да болар Бишоп өлеңдері өзгелерден ұқсамайтын үлгіде қабылданды.

Бишоп бүкіл шығармашылығы бойында Вордсворттың эпифаниялық ерекшелігіне жауап беретін әр түрлі риторикалық мәселелерді зерттеді. Бишоп поэзиясын зерттеуші ақын шығармашылығы әлсін-әлсін табиғаттың адам араласпағын табиғи қалпын бейнелейді деп атап көрсетті. К. Дорески: «Құмсалғышта» зат хаосты жоғалтады. Дегенмен ол «бір нәрсеге қадалған» және «өзге бір нәрсемен мазасы кеткен» жағдайда, жан-жағындағы табиғи қалықтап жүрген күштерге әлі беріле қойған жоқ. Кейде Бишоп өлең жолдарында адамзаттың тасталқанын шығаратын күштерге қарсы қорғаушы-куәгер қызметін де атқара бастайды... Ақын өз сезімдерін алыстан ғана меңзеп тұрады. Кейде ақын сол адамдармен бір тектен тарағанына да қынжылады. Бишоптың «Армадилло» және «Бразилия, 1 қаңтар, 1502 жыл» атты өлеңдері табиғи әлемдегі адамдардың қаталдығын бейнелеуге негізделген. Екеуі де күнәға батқан әлемдегі христиандықтың рөліне бағытталған. Бишоп дін есігін ашып кіріп бара жатқан күнәні бақылай отырып, христиандықты санкциялары үшін айыптайды, кейде тіпті шынайы күнәларды көрмеулерін сынайды» (2).

Кортес христиандық тақырып араласқан Бишоп өлеңдеріне шабуыл жасағысы келеді. Бұл жерде «христиандық – бай өмірдің» белгісіндей сипатталады. Элизабет өлеңдерінде жаншылған кішкентай әйелдердің дауыстары ішкі әлемнің табиғи нәрселерінің жан айқайымен араласып, адамзат тіршілігінен сырт қорған іздегендей баяндалады. Дегенмен өзге әлемге қашу әрдайым мүмкін бола бермейді, ал көз ашу тек өзге өлшемге қашудың иллюзиясын ғана елестете алады. Бірнеше беттерден кейін Бишоп сол адамзаттың қаталдығына қайта оралады. Бұл жерде де христиандық пен діни дәстүрлер артқы фонда тәртіпсіздіктің белгісіндей қалықтайды.

Ерте кездегі өлеңдеріне қарағанда, «Армадиллоның» отты пейзажы айналадағы адамдарға қорған болуды көздемейді. Өлең діни мейрам туралы түсінік береді. Аспандағы «тағзым» тәртіп ретінде емес, хаос сияқты сипатталады. Жеңілдеу емес, террор кейпін елестетеді. Бишоптың ойынша, олардың нақтыланбауы желмен бірге жердің де сенімсіздігін тереңдетеді. Ақын қажет емес діни мейрамдар мәдениет пен табиғат арасындағы қасиетті дәстүрлерді бұзады деп қорытындылайды. Ең соңғы жолдар шартпен емес, шынайы оқиғамен дәйектелген түңілген



сезіммен аяқталады. Дегенмен Бишоп бұл өлеңді қараңғылықты меңзеген сарыннан гөрі күнәсіз бейнелермен сипатталатын өзге күймен баяндайды.

Бишоптың сенімсіздікке көзқарасы табиғат пен феноменальды әлемге деген антагонистік қатынаспен бетпе-бет келеді. Бұл драмалық жағдай да көз ашуды талап етіп тұрғандай елестейді. «Балық» деп аталатын Бишоптың өлеңі қайықтағы тонаушыдан жаратушыға дейінгі трансформацияны ақтау мақсатында Вордсворттың рухани жаттығуына негізделеді. Өмір мен өнер арасындағы шекараны жасыра отырып, жер мен теңіз, ауа мен жер арасындағы күйреу орын алады. Өзгерістерге қарамастан, балық ауыспалы кереметтерге сүйене тіршілік етеді. Әрекетсіз қарсылық балықшы ақынды жеңістен құр алақан қылады. Бишоп: «Ол күрескен жоқ. Ол мүлдем күрескен жоқ», – деп жазды.

«Балық» оның канонының, құндылығының басты орталық мағынасы бола тұра, Бишоптың бойында қанағаттанбау қорқынышы байқалады. Бұл қорқыныш өлең сезімде қалып қойып, ақылға қарай бет ала алмады деген ойлармен шиеленісе түседі. Тірі қалған балықтың бейнесі ақынды ұстамдылығының арқасында өзге көкжиектерге бастады. Толық, саналы түрде қабылдай отырып, тек техникалық құралдарына күмәндана қараған Бишоп көз ашудың сын кезеңдерінен сәтті өтеді. Тіпті соңына тақаған кездің өзінде ақын ағынның бағытын бұра отырып, өлең жолдарындағы саяхатқа қайта сүңгіту қабілетіне ие болады. «В рыбацких хижинах» («Балықшының үйшігінде») атты өлеңде баяндалғандай, Элизабет Вордсворттың пейзажын өзіндік иллюстрация мақсатында шебер қолдана білген. Мәңгіліктен бастау алған бүгінгі күндер қайталанбалы кешегі күндердің сабағын еске сала отырып, о дүниедегі сахналарды да өмірлік тәжірибеге айналдырады. Бұл біліммен шектелген тәжірибе «тарихи және ауа арқылы берілетін» ерекшелік деп қабылданады.

Жалғыз қалған саяхатшы қоштасу барысында үйдің қорушысы – иттің белгісіз бағытқа қарай жол бастаған кейпін көреді. Бұл тіпті өзгеше сипаттама... Нақтыланған және жылжымалы әлемдер тоғысы бұл жанрлық сахнада пейзажға бірлік пен үйлесімділіктің көрінісін дарытады. Бишоп болжамалы, есепті, алдын ала сезуге болар сахна түрлерін өзгеше айқындай келе, оқырманын өткен күндерден бүгінгі тіршілікке бастайды. Көріністер бұлыңғырланады. Тұман бірте-бірте сейіле бастағанда, құбылыстар трансформациясы байқалады. Көріністер күндізгі уақытта қаншалықты түсінікті болса да, түнге қарай белгісіздікке сүңгігендей болады. Элизабет өлең көріністерін әсерлі троптардан гөрі күнделікті тіршілік арқылы негіздеу мақсатын көздейді.

Бірте-бірте құлдыраудың өзі ең соңында қайталанбалы жаңаруларға оралады. Сол сияқты о дүниедегі романтикалық слайд та өзін-өзі ақтау мүмкіндігіне ие. Орысша нұсқасына әдемі жазылған, қазақша түсініксіз, қарапайым тілмен жазылу керек (түсінікті жазылған). Жиі тоқтау, келу не ұшып кету туралы берілетін ақпараттар таныс әлемнің жақын екенін білдіреді. Үй реттілігін іздеу, «әйел адамның кешкі тамақтан кейін дарстарханды сілкіуі» эпос тұрғысынан алғанда, саяхаттың гомерге тән сипатын жүйелейді.

Өзінің даралық сипатынан айырылған бейтаныс адамдар туралы естеліктер ортақ жәбірленудің белгісі ретінде қабылданады. Келесі оқиғалар баяндауды қажет етсе де, тарих ақиқатын танытқан. Өлімнің өзі де абстракцияланған және кездейсоқ деп қабылданады. Архаикалық трагедия туралы ескертудің өзі қызу талқылауды тудырады. Сонымен, мифологиялық өлшемдер мен трагизмнің классикалық сезімдеріне де ерік беріледі.

К. Дорески қорытындылай келе, Элизабет Бишоп өлеңдерінің арқасында таныту әдістері мен поэтикалық жанрды талдау мүмкіндігі барынша кеңейе түсті деп тұжырымдады. Антологиядағы үзінді төмендегідей ойлармен аяқталды: «Фуко ескерткендей, «Автор, кең мағынасында, үнемдеу ұстанымының басты үлгісі болып табылады». Нәтижесінде оның күрделі рефлексиясы оқырманға не сыншыға өте құрметті деп танылып, оның сырын айқара ашуға шектеу қояды. Сол арқылы өмір мен өнерді араластыруға не олардың жігін анық ажыратуға тура келеді...». Сол арқылы әдебиеттанушының алдында қайтадан «Автордың жеке өмірін оның шығармашылығымен байланыстыру керек пе?» деген сұрақ туындайды. Оның себебін шығарманы талдау кезінде өзгерер ұстанымдар да, әдістер де айғақтады. Элизабет Бишоп өмірбаянына назар аудара отырып, төмендегідей қорытынды жасауға болады: әр ғұмыр – өмірбаяндық тағдырлардың жеке тарауы, ал әр туынды – суреткердің ішкі әлемінен хабар беретін қабылдау мен таным нәтижесі...



Кейіпкерлері мен әдеби тәсілдері негізін қалаған әдебиет әлемі адам табиғатын ішкі құндылықтар мен саналы дамудың эволюциялық даму ерекшеліктері арқылы дәйектеуге мүмкіндік беретін құрылымдар жиынтығы деп танылады. Адам қоғамдық қатынастар нәтижесі болғандықтан, ол өзі өмір сүретін қоғамның құндылықтарын да, күнәларын да шығармаларына арқау етеді. Әдебиет адамның ішкі әлемінде болып жататын барлық үдерістердің тоғысуын құрайды, оның негізінде хабарды қабылдау, пайымдау, ойлау, түсіну, жіктеу, жүйелеу, әр түрлі ментальді образдарға үйлестіру, керек жағдайда жадыда сақтау әрекеттері көрініс табады. Сол арқылы адамның танымдық әрекеті де саналы, үйлесімді шарттар қатарында өздігінен жүзеге асатын, адам болмысы итермелейтін рефлексі амалдардан құралады. Нақтырақ айтқанда, рухани болмысы толық адам ғана өзі сенетін және түсініп қабылдайтын сөздерге ден қояды, көркем туындыны да сол құндылықтар шеңберінде оқып қабылдайды, ой таразысынан өткізеді. Осыған орай, Антологияның келесі мәселесі де сіздерге қызық болады деген үміттеміз. Біз структурализм мен нарратология туралы, лингвистика туралы сөз қозғаймыз. Осы мақсатта біз Антология авторлары Джулии Ривкин мен Майкл Райанның тұжырымдарына қайта ораламыз.

### Бақылау сұрақтары

1. Элизабет Бишоптың тұлғалық қалыптасуын анықтайтын өмір кезеңдерін атаңыз.
2. Бишоптың қандай өлеңдері эсседе аталады?
3. Бишоптың әдеби қалыптасу мектебін қалай сипаттауға болады? Марианна Мур мен Уильям Вордсворттың әсері қалай байқалды?
4. Бишоптың өмірлік ұстанымдары мен әдеби тәсілдерін қалай сипаттар едіңіз? Жеке тұлғалық ерекшеліктері шығармаларында қалай көрініс тапты?

### Қолданылған дереккөздер

1. <http://proarrt.ru/v-mire-iskusstva/478-gromkaya-istoriya-za-tihoy-zhiznyu.html>
2. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 125–145 беттер.